

"Геологиялық және (немесе) тау-кендік бөлуді беру және қайта ресімдеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 3 тамыздағы № 285 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 2023 жылғы 6 желтоқсандағы № 110 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 8 желтоқсанда № 33741 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Геологиялық және (немесе) тау-кендік бөлуді беру және қайта ресімдеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 3 тамыздағы № 285 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23907 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 278-бабының 16-тармағына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Геологиялық және (немесе) тау-кендік бөлуді беру және қайта ресімдеу қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Геология комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс министрінің
міндетін атқарушы*

И. Шархан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс
министрі міндетін атқарушының
2023 жылғы 6 желтоқсандағы
№ 110 Бұйрыққа
қосымша
Қазақстан Республикасы
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрінің
міндетін атқарушының
2021 жылғы 3 тамыздағы
№ 285 бұйрығымен
бекітілген

Геологиялық және тау-кендік бөлуді беру және қайта ресімдеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Геологиялық және тау-кендік бөлуді беру және қайта ресімдеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 278-бабының 16-тармағына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және геологиялық және тау-кендік бөлуді беру және қайта ресімдеу тәртібін айқындайды.

Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар мен терминдер, қысқартулар пайдаланылады:

1) геологиялық бөлу – барлауға және өндіруге немесе барлауға арналған келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, жер қойнауын пайдаланушы барлау жүргізетін жер қойнауы учаскесін схемалық және сипаттамалық жағынан айқындайтын қосымша;

2) тау-кендік бөлу – барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, жер қойнауы учаскесін графикалық және сипаттамалық жағынан айқындайтын құжат, оның шегінде жер қойнауын пайдаланушы барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын өндіруді, салуды және (немесе) пайдалануды жүргізеді;

3) келісімшарт – Кодексте белгіленген құзыретіне сәйкес құзыретті орган мен жеке және (немесе) заңды тұлға арасындағы пайдалы қазбаларды барлауды және өндіруді немесе өндіруді жүргізуге не барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға арналған шарт.

2. Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша Кодекстің 278-бабының 16-тармағына сәйкес жер қойнауы учаскесінің шекарасын өзгерту келісімшартқа тиісті өзгерістер енгізу арқылы жүзеге асырылады.

3. "Геологиялық және тау-кендік бөлуді беру және қайта рәсімдеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жер қойнауын пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.

4. Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалар өзгерген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын, көрсетілетін қызметті берушінің атауын, мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдерін, мемлекеттік қызметті көрсету мерзімін, мемлекеттік қызметті көрсету нысанын, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін, Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдерін, көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигін, мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға қосымшада (бұдан әрі-тізбе) баяндалған.

6. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін осы Қағидаларға Тізбесіне 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Minerals.gov.kz" жер қойнауын пайдаланушылардың бірыңғай платформасы (бұдан әрі – "Minerals.gov.kz" ЖҚПБП) ақпараттандыру объектісі арқылы немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне геологиялық/тау кендік бөлуді беруге және қайта рәсімдеуге өтініш (бұдан әрі – Өтініш) береді.

7. Көрсетілетін қызметті берушіге өтініштің келіп түскен күні мен уақыты өтініш берілген сәт болып танылады және есепке алынуға жатады.

8. Өтініш "Minerals.gov.kz" ЖҚПБП арқылы түскен жағдайда осы Қағидаларға Тізбесінің 7-тармағына сәйкес жұмыс кестесіне сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету үшін өтінішті қабылдау туралы күйі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және жауапты құрылымдық бөлімшеге орындауға береді. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Әрбір өтініш жеке тіркеледі.

9. Көрсетілетін қызметті беруші өтініш тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде құжаттарды осы Қағидаларға Тізбесінің 8-тармағының 1) тармақшасына сәйкес толықтығы мен сәйкестігі тұрғысынан тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ осы Қағидаларға Тізбесінің 8-тармағының 1) және (немесе) 2) тармақшаларында көзделген геологиялық және тау-кен бөлуді ұсынуға ұсынылған құжаттарға сәйкес келмеген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады және геологиялық және тау-кен бөлуді ұсынудан дәлелді бас тартуды береді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, сондай-ақ осы Қағидалар Тізбесінің 8-тармағының 1) және (немесе) 2) тармақшаларында көзделген геологиялық және тау-кен бөлуді ұсынуға ұсынылған құжаттарға сәйкес келген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші өтініш тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қоса берілген құжаттармен бірге өтінішті геологиялық ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және беру жөніндегі ұлттық операторға (бұдан әрі – Ұлттық оператор) жолдайды.

10. Ұлттық оператор өтінішті қарастырып, құжаттарды алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қарау нәтижелері бойынша қорытындыны көрсетілетін қызметті берушіге жібереді.

Көрсетілетін қызметті беруші учаске (лер) аумағының Кодекстің 19, 25, 26-баптарының ережелеріне сәйкестігі тұрғысынан қорытындыны қарастырып, оны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде геологиялық және тау-кен бөлуді береді.

Егер қорытындыны қарау кезінде көрсетілетін қызметті беруші учаске (лер) аумақтары Кодекстің 19, 25, 26-баптарының талаптарына сәйкес бола алмайтынын немесе жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге жол берілмейтін аумақтармен толық жанасатынын анықтаса, көрсетілетін қызметті беруші анықталған сәйкессіздіктермен дәлелді бас тартуды береді.

Жоғарыда көрсетілген сәйкессіздіктер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші бар-жоғын нақтылау үшін уәкілетті мемлекеттік органдарға жазбаша сұрау салуды жібереді.

11. Тізбенің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз болған кезде көрсетілетін қызметті беруші өтініш

берушіге мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау ол хабарлама алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

12. Осы Қағидалар Тізбесіне 2 және (немесе) 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша геологиялық/тау кендік бөлуді беру құзыретті органды (келісімшарт тарапы болып табылатын мемлекеттік орган) міндетті түрде хабардар ете отырып, көрсетілетін қызметті алушының өтініші келіп түскен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

13. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі геологиялық және тау кендік бөлуді беру немесе дәлелді бас тарту болып табылады.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының " Minerals.gov.kz" ЖҚПБП-дағы жеке кабинетіне немесе пошта байланысы арқылы жіберіледі.

15. Жер қойнауын пайдалану құқығын беру кезінде геологиялық және тау кендік бөлуді қайта ресімдеу талап етілмейді.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) атына мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды карауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, шағымды қарайтын орган жүргізеді.

Шағымдар көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам шағым түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, шешімге, әрекетке (әрекетсіздікке) шағымданады, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не әкімшілік іс-әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымды қарайтын органның атына келіп түскен шағымы ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

17. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағымданғаннан кейін жол беріледі.

"Геологиялық және тау-кендік бөлуді беру және қайта рәсімдеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларына қосымша

"Геологиялық және тау-кендік бөлуді беру және қайта рәсімдеу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Геология комитеті
2.	Мемлекеттік қызметтерді көрсету тәсілдері	"Minerals.gov.kz" ЖҚПБП немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы
3.	Мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімі	Геологиялық және тау-кен бөлімдерін беру және қайта рәсімдеу - 20 (жиырма) жұмыс күн
4.	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/қағаз
5.	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Геологиялық және тау-кендік бөлуді беру немесе дәлелді бас тарту; Қайта рәсімделген геологиялық және тау-кен бөлуді беру немесе дәлелді бас тарту
6.	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны өндіріп алу тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет тегін көрсетіледі.
		1) "Minerals.gov.kz" ЖҚПБП - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті

7.	Жұмыс кестесі	<p>алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p> <p>2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі-Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.</p>
		<p>1) Геологиялық бөлуді алу үшін: "Minerals.gov.kz" ЖҚПБП арқылы: Геологиялық және тау-кендік бөлуді беру және қайта ресімдеу қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) Тізбесінің 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық-цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысаны бойынша геологиялық бөлуді беруге және қайта рәсімдеуге өтініш; келесі құжаттардың электронды көшірмелері: жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі құзыретті органның шешімі, бөлу алаңының жалпы ауданы көрсетілген бұрыштық нүктелердің географиялық координаттары; жою/тексеру актісі (аумақты кері қайтарған жағдайда); көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы: келесі құжаттардың көшірмесі немесе түпнұсқасы: Қағидалар Тізбесінің 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша геологиялық бөлуді беруге және қайта рәсімдеуге өтініш, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер</p>

8.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

мен толықтырулар енгізу жөніндегі құзыретті органның шешімі, бөлу алаңының жалпы ауданы көрсетілген бұрыштық нүктелердің географиялық координаттары, жою/тексеру актісі (аумақты кері қайтарған жағдайда).

2) Тау-кендік бөлуді алу үшін:

"Minerals.gov.kz" ЖҚПБП арқылы: Қағидалар Тізбесінің 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысан бойынша тау-кендік бөлуді беруге және қайта рәсімдеуге өтініш;

келесі құжаттардың электронды көшірмелері:

жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі құзыретті органның шешімі,

бөлу алаңының жалпы ауданы көрсетілген бұрыштық нүктелердің географиялық координаттары және сұратылған тау-кендік бөлудің пайдалы қазбалар қорларын ауданы және тереңдігі бойынша есептеу шектері көрсетілген графикалық материалдар. Пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты емес тау-кен бөлудің шекаралары кеңейген жағдайда өтінішке жер қойнауын пайдаланушы әзірлеген техникалық негіздемелер, түсіндірмелер және осындай кеңейту қажеттілігіне графикалық материалдар қоса беріледі;

көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы: келесі құжаттардың көшірмесі немесе түпнұсқасы: Қағидалар Тізбесінің 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тау-кендік бөлуді беруге және қайта рәсімдеуге өтініш, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі құзыретті органның шешімі, бөлу алаңының жалпы ауданы көрсетілген бұрыштық нүктелердің географиялық

		<p>координаттары және сұратылған тау-кендік бөлудің пайдалы қазбалар қорларын ауданы және тереңдігі бойынша есептеу шектері көрсетілген графикалық материалдар. Пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты емес тау-кен бөлудің шекаралары кеңейген жағдайда өтінішке жер қойнауын пайдаланушы әзірлеген техникалық негіздемелер, түсіндірмелер және осындай кеңейту қажеттілігіне графикалық материалдар қоса беріледі.</p> <p>Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеудің (қайта тіркеудің) жеке басын қуәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.</p>
9.	<p>Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негіздер</p>	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі</p> <p>3) Участке (лер) аумағының Кодекстің 19, 25, 26-баптарының ережелеріне сәйкес келмеуі немесе жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге жол берілмейтін аумақтармен толық жанасуы.</p>
10.		<p>Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары: 8 (7172) 27-79-59, Мемлекеттік қызметті</p>

Мемлекеттік қызметтерді көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де талаптар

көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

"Геологиялық және тау-кендік бөлуді беру және қайта ресімдеу" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне

1-қосымша
нысан

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс
министрлігінің Геология
комитетінің басшысына

(қаласы)

(тегі, аты, әкесінің аты
(бар болған жағдайда)

кімнен

(өтінім берушінің толық атауы,
бизнес-сәйкестендіру нөмірі
немесе жеке тұлғаның тегі, аты,
әкесінің аты (бар болған
жағдайда) және жеке
сәйкестендіру нөмірі,
мекенжайы, деректемелері,
телефоны)

Геологиялық/тау-кендік бөлуді беруге өтініш

Сізден геологиялық/тау-кендік бөлуді беруді/қайта ресімдеуді сұраймын.

Объектінің орналасқан жері: _____ (облыс)

бұрыштық нүктелер №	Географиялық координаттары					
	Солтүстік кендік			Шығыс бойлық		
	градус	минут	секунд	градус	минут	секунд
1						
2						
3						
4						

Қосымша:

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді

пайдалануға келісемін.

Өтінім берілген күн: " ____ " _____ 20 ____ жыл

Қолы: _____

"Геологиялық және

тау-кендік бөлуді беру және қайта ресімдеу" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне
2-қосымша
нысан

Жер қойнауын пайдалануға арналған № ____ келісімшартқа № ____ қосымша

_____ (пайдалы қазба түрі)

_____ (жер қойнауын пайдалану түрі)

20 ____ жылғы _____
тіркеу № _____

— (Осы құжатты берген орган)

ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БӨЛУ

_____ негізінде

(жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі құзыретті органның шешімі)

_____ жер қойнауын пайдалану бойынша (жер қойнауы учаскесінің (блоктардың) атауы) операцияларды жүзеге асыру үшін _____

берілді.

(өтініш беруші)

Геологиялық бөлу _____ орналасқан.

(облыс)

Геологиялық бөлудің шегі картограммада көрсетілген және № 1-ден

№ _____ дейінгі бұрыштық нүктелерімен белгіленген.

(нүктелердің кейінгі нөмірлері)

Бұрыштық нүктелер	Бұрыштық нүктелердің координаттары					
	Солтүстік ендік			Шығыс бойлық		
	градус	минут	секунд	градус	минут	секунд

Геологиялық бөлудің ауданы - _____ шаршы километр (метр)

(жазбаша цифр)

Барлау тереңдігі (егер Құзыретті органмен айқындалса) _____ метр

Орган басшысы _____

— Басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы берілген

қаласы _____, айы, жылы.

"Геологиялық және
тау-кендік бөлуді беру және
қайта ресімдеу" мемлекеттік
қызметті көрсетуге қойылатын
негізгі талаптардың тізбесіне

"Геологиялық және

3-қосымша

нысан

Жер қойнауын пайдалануға
арналған № _____ келісімшартқа

№ _____ қосымша

_____)
(пайдалы қазба түрі)

_____)
(жер қойнауын пайдалану түрі)

20 _____ жылғы _____

тіркеу № _____

_____)
(Осы құжатты берген орган)

ТАУ-КЕНДІК БӨЛУ

_____ негізінде
(жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар
енгізу жөніндегі құзыретті органның шешімі)

_____ жер қойнауын пайдалану
бойынша (жер қойнауы учаскесінің (блоктардың) атауы)
операцияларды жүзеге асыру үшін _____

берілді.

(өтініш беруші)

Тау-кендік бөлу _____ орналасқан.

(облыс)

Тау-кендік бөлудің шегі картограммада көрсетілген және № 1-ден

№ _____ дейінгі бұрыштық нүктелерімен белгіленген.

(нүктелердің кейінгі нөмірлері)

Бұрыштық нүктелер	Бұрыштық нүктелердің координаттары					
	Солтүстік ендік			Шығыс бойлық		
	градус	минут	секунд	градус	минут	секунд

Тау-кендік бөлудің ауданы - _____ шаршы километр (метр

)

(жазбаша цифр)

Игеру тереңдігі _____

метр

(қазу деңгейінің көкжиегі, тереңдігі, геология-стратиграфиялық шегі)

Орган басшысы _____

— Басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы берілген қаласы _____, айы, жылы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ